

Ж. ОШАҚБАЕВА

ЖЫРАУЛАР ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЕРКІНДІК МӘСЕЛЕСІ

Еркіндік мәселесіндей бір де бір философиялық мәселелер қоғам тарихында әлеуметтік және саяси мәнге ие болмаған шығар. Әсіресе оны қазіргі кезеңде халықтың практика жүзінде іске асыруға тырысушылығы қатты байқалады. Еркіндік – өз түсінігі мен қалауына сай ойлау мүмкіндігі бар адам өмірінің мәнін бейнелейтін негізгі философиялық категориялардың бірі.

Жеке тұлға үшін еркіндікті меңгеру – бұл тарихи, әлеуметтік және адамгершіліктік императив (тегеурінді талап), оның жекелік және қоғамды дамыту деңгейінің өлшемі. Тұлғаның еркіндігін шектеу, оның санасы мен мінез-құлқына қатал талап қою қоғам үшін де, жеке тұлға үшін де зияны тиеді. Жеке тұлғаның еркіндігі арқасында қоғам қоршаған әлеуметтік жағдайларға бейімделіп қана қоймайды, сонымен бірге өз мақсаттарына сай қайта құрады. Әрине, табиғаттан не қоғамнан күтіп отыратын абстрактілі еркіндік жоқ, бірақ еркіндікті таратушы, оның субъектісі жеке адам, ал соған сай ұлттар, таптар мен мемлекеті бар қауымдастық бар. Философиялық ойлау тарихында еркіндік қажеттілікпен бірге қарастырылады. Қажеттіліктің өзі адам қылықтарын басқарып, оның еркіне қарсы шығатын алдын ала болжау, тағдыр ретінде қабылданады. Еркіндік пен қажеттілік мәселелерін философия бойынша шешу, жеке тұлғаның іс-әрекеті мен мінез-құлқындағы олардың өзара қатынасы халықтың барлық іс-қимылын бағалауда үлкен мәні бар. Егер адамдардың еркіндігі болмай тек қажеттілікпен іс жасаса, онда олардың өз ісіне деген жауапкершілігінің мәні болмайды.

Еркіндік мәселесіне байланысты адам мен қоғамның өзара қатынасының бірнеше түрі бар. Біріншіден, еркіндік үшін күреске адамдар ашық түрде, қоғаммен келіспес жанжал арқылы шығады. Бұл қиын да қауіпті жол, еркіндік үшін күресте адам басқа барлық қасиеттерінен айрылып, бұрынғыдан да жаман күйге түсуі мүмкін. Екіншіден, әлемнен өзін бөлек ұстап, қашу арқылы, монастырға, өз әлеміне еніп кету арқылы өз еркіндігін тапқысы келеді. Үшіншіден, көбінесе, өзі өмір сүрген ортаға бейімделіп, еркіндікті ұмытып, мойынсұнып кетеді. Еркіндік – жеке тұлғаның ішкі немесе сыртқы зорлықтың салдарынан емес өз пікіріне сай ойлап, іске асыра алатын мүмкіндігі бар, адам мен оның тіршілік етуінің мәнін сипаттайтын негізгі философиялық категориялардың бірі.

Таным мен еркіндік шығармашылық процестің өте қажетті, өзара жанама алғышарттары. Олар бұл жерде диалектикалық бірлікте болады. Таным шығармашылық болғандықтан еркіндікті, ал еркіндік іске асқан мүмкіндіктерді таңдаумен шектелетіндіктен танымды қалайды. Практикалық әрекеттегі ақиқат еркіндік диапазоны таныммен анықталады. Еркіндік тек қана қажеттілік танымы емес, сонымен бірге мүмкіндіктердің ашылуы және осы қажеттіліктің адамның өмірлік мақсаттарына бағындыру құралы. Шығармашылық процесс мүмкіндікті іздеумен байланысты болғандықтан, оның объектісіне тек қажеттілік қана емес, кездейсоқтық та жатады және бұл мәнді.

Еркіндік мәселесі тарихта ұзақ даму жолынан өтті. Еркіндік Кант пен Гегельдің, Шопенгауэр мен Ницшенің, Сартр мен Ясперстің, Бердяев пен Соловьевтің ой-толғауларының негізгі тақырыбы болды. Еркіндік қажеттілікпен, теңдікпен, әділеттілікпен қатар қарастырылды.

Экзистенциализм (лат. – өмір сүру) немесе өмір сүру философиясы қазіргі философиядағы кең тараған бағыттардың бірі. Бұл философиялық бағыттың бастаушылары Мартин Хайдеггер, Ясперс, Жан Поль Сартр, Габриэль Марсель, Альбер Камю болды. Экзистенциалистерге көп әсер еткен Кьеркегор мен Ницше болды. Діни (К.Ясперс, Г.Марсель, Н.А.-Бердяев, Л.Шестов) және атеистік (М.Хайдеггер, Ж.П.Сартр, А.Камю) экзистенциализм деп екіге бөлінді. Бұл ілімнің негізгі ұғымы экзистенция – объект мен субъектінің бөлінбес біртұтастығы ретіндегі адамзат тіршілігі. Өзіне, өз мәніне таңдау мүмкіндігі бар жеке тұлға еркіндікке ие болады. Еркіндікті таңдау индивидуалды әлемдегі болып жатқанның бәріне жауапкершілікті сезіндіреді.

Экзистенциализмдегі философиялық пайымдау негізі тұлғаның «өмір әлемін» құратын жекедара-лығы болмысы, мәні, білімі, құндылықтары арқылы іске асады. Өмір әлемі – материалдық әлем нысаны емес, руханилық әлемі. Экзистенциалистердің негізгі ұстанымы тіршілік мәнге жол береді, яғни адам алдымен тіршілік етеді, содан кейін тұлға ретінде анықталады. Олардың ойынша, адам – өлімге бой ұсынған, уақытша, соңғы жаратылыс иесі. Экзистенциализмнің негізгі мәселелерінің бірі еркіндік мәселесі француз ойшылы Жан Поль Сартр еңбектерінде айтылған. Өзінің еркіндікті түсінуін «Бытие и ничто» деген басты еңбегінде ашып көрсет-

кен. Сартрдың ойынша, адам өмірінің басталу шағында ешкім емес, кім болу, қандай болу керектігін ол анықтаған жоқ. Әр адамның өзінің мәні бар, адам өз мәнін өзі қалыптастырады.

Өзінің ішкі әлемінде адам қоғамға да, басқаларға да, моральдық не діни ұстанымдарға да, тіпті өзінің өткеніне де бағынбайды дейді Сартр. Еркін таңдау – әр адамның қалауы. Сартрдың ойынша, адам еркіндікке бағынышты, ол қаламаса да таңдауға мәжбүр. Адамгершілікті таңдауға адамның санасы емес ішкі әлемі қатысады, ол ақылымен емес, ішкі «мені» арқылы таңдап, соны іске асырады. Адам таңдауда ерікті, бірақ өз таңдауына толық жауап беруі тиіс. Бірақ ол қоғамның да, жоғарғы күштердің де алдында жауап бермейді, тек өзінің ісі үшін өзі ғана жауапты. Ал өз қылығы үшін біреуді кінәлап, біреу сол жолға итермеледі деп есептейтіндерді ең төмен адамдар деп Сартр жек көреді.

Адамның өзін не басқа адам әлемін жасауы, болашақ әлем бейнесін таңдаудағы қабілеті адам тіршілігінің терең сипаттамасы болып табылады. Экзистенциалистер адам алдына қойған мақсаттарын іске асыруда ерікті екендігін баса көрсетеді. Адам еркіндігі қандай жағдайда болмасын таңдау мүмкіндігін сақтайды. Сонымен экзистенциализмдегі еркіндік – бұл ең алдымен, сана еркіндігі, тұлғаның рухани-адамгершіліктік көзқарасын таңдау еркіндігі.

Табиғат заңдылықтарын тану негізінде оны өзінің мақсатына сәйкес қайта өзгертуден басқа адамда еркіндікке жетудің жолы жоқ. Ол бұл дүниеге еркін күйінде келген жоқ, еркіндікті өзі жеңіп алуы керек. Табиғатты өз әлеміне айналдырудағы адамның жетістігі адамның, адами қоғамның қандай екендігіне байланысты, себебі адам табиғатты өзінің образына сай өзгертеді. Адамның табиғатты тануы мен өзгертудегі мақсаттары қоғамнан, ондағы қоғамдық қатынастардан шығады. Адамның табиғатқа үстемдігі жердің, жер бетіндегі өсімдіктер мен жануарлар әлемінің, тіпті адамның да өзгеруіне алып келді. Жер аз болғандай адам өзінің назарын шексіз Әлемге аудара бастады. Бұл жағдай көптеген қиындықтарға әкеліп соқтырды, тіпті адамның жер бетіндегі өмір сүруіне қауіп төне бастады. Сондықтан адам табиғатты түсіну үшін тек табиғатты ғана өзгертпей, өзін, қоғамдық қатынастарды өзгертуі керек. Бұл туралы П.В.Копнин: «Егер адамдар бірін-бірі қанауын қойса, онда олар табиғат құбылыстарын ақиқатты адами әлемге айналдыра отырып, оған адамгершілікпен қарайтын болады», - дейді [1].

Сөз өнерінің өсіп-жетілуі үшін еркіндік қажет.

Қазақ халқының өмірінде сөзге тыйым салынбаған, өзара сын-пікірге шек қойылмаған. Көшпенді халық үшін еркіндік қандарына сіңген қасиет болу керек. Ақын-жырауларымыздың, шешендеріміздің сөздері осы халық еркіндігінің көрінісі болып табылады. Еркіндіктің қадірін білген адам ғана халқын оның мақсат, мұраттарына жетелейді. Ақындардың, шешендердің сөз саптау дәстүрінен ой еркіндігі мен сөз еркіндігінің тең келуін көреміз. «Еркіндік адамның тек субъективтік күйі ғана емес, оның белгілі дәрежеде өзіне тәуелсіз объективтік еркіндігінде» [2]. Адамдар көп нәрсеге тәуелді: табиғатқа да, қоғамға да, басқа адамдарға да т.б., бірақ еркіндік адамның еш нәрсеге тәуелсіздігі емес, ол сол тәуелсіздікті мойындау, не мойындамау, оған қарсы әрекет ету немесе оның алдында тізе бүгу. Бұл адамның өзі шешетін нәрсесі. Осы идеяны біз ақын-жыраулардың шығармаларынан көреміз. Олар «еркіндік – адамды өзіне қалайда бағындыруға тырысатын сыртқы құбылыстарды жеңу дейтін идея тастайды» [3]. Осы идеялары арқылы ақын-жырауларымыз біздің бүгінгі өмірімізге, тәуелсіз, егеменді ел болуымызға рухани негіз болды деп айта аламыз.

Адам дүниедегі барлық нәрселерді шеше алатындай құдіретті емес. Олардың шешетіні – адам болып қалу не қалмау, шын мәнділікті іздеу не ауытқу, құндылықтарды қастерлеу, қорғау не айрылу. Яғни әрбір адам өз өмірінде еркіндікке талпыныс жасауы керек. Еркіндіктің өзі – мәндердің мәні. Адам өмірінің ақырғы мәні – еркін өмір. Еркіндік қана адамды адам етеді. Еркіндіктен бас тарту, одан ауытқу адам үшін адамшылығын, түпкі табиғатын, болмысын жоғалту деген сөз. Қазақ халқының рухани дамуындағы жетістігі тарихи кезеңдегі өзіндік санасы мен мәдениетінің өсуі, халықтың әлеуметтік өсуі мен еркіндік үшін күресінің нәтижесі.

Қазақ хандығы ұлттық мәдениет пен әдебиеттің өркендеуіне зор ықпал етіп, ерекше жағдай жасады. Жеке отау тігіп, өз мемлекетін құрған қазақ елі үшін ХУ–ХҮІ ғасырларда ең басты мәселе – жаңа құрылған мемлекетті күшейту мен қорғау, еркіндігін сақтау болды. Қоғамдық ой-сана, халықтың аңсары – ұлттық тұңғыш мемлекетті сақтап қалу еді. Ру-тайпаларды бір орталыққа бағындырып, ішкі алауыздықты тиятын, сыртқы дұшпандарға тойтарыс беретін, елдің қамын жейтін әмірші керек екенін халық жақсы түсінді. Мемлекет күшті болу үшін ақылды да айбарлы хан керек екенін біліп, хандық идеяны дәріптеді. Хандық идеологияны жақтап, үгіттеуге бар күшін салған жыраулар мен би-шешендер өздерінің құдіретті сөзімен, үлгі ісімен көп еңбек сіңірді. Ақын-жыраулардың халық алдында шоқтығы биік болды, ел

билеуші хандар да оларға бас иді.

Қазақ жыраулары хан ордасында жүріп, мемлекет басқару ісіне тығыз араласқан, хандар мен батырларға, бүкіл халыққа өсиет айтқан, болашақты болжап, істің жөнін нұсқап жүрген дуалы ауыз, ақылгөй кеңесшілері, хандар мен ерлікпен аты шыққан батырлардың, қолбасшылардың ерліктерін мадақ етіп, жыр айтқан жыршылары. Жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы — туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі. Халқына жайлы қоныс, ырысты жер іздеген Асан қайғының: «Желмая мініп жер шалсам, тапқан жерге ел көшер» – деген ақылгөй сөзі – сол елінің қамын ойлаған жүрек сөзі. Сол сияқты Қазтуған жырау да «қайран менің Еділім» – деп еңіреп өткен. «Еділдің бойын ел жайлап, шалғынына бие біз байлап» – деп Доспамбет жырау армандаған, «ауылдан топыр үзілмей, ошақтың оты өшпесе, май жемесе қонағым... он кісіге жараса, бір кісіге асқан тамағым», – деп Ақтамберді жырау еліне ырыс, молшылық тілеген, бейбіт, тыныштық өмірді қалаған. Жыраулар поэзиясы еліне деген ыстық сезімге толы. Олар сол еліне жалынды жырларын арнаған, хал-қын сол елі үшін қызмет етуге үндеген, керек болса, жанын пида етуге шақырған. Халқы үшін қан майданда шайқасқа түсіп, елін, жерін сыртқы жаудан қорғаған әйгілі халық батырларының ерліктерін жырлаған.

Жыраулар шығармалары – хандық дәуірдің айнасы. Толғаулардан біз сол кездегі қазақ халқы тұрмысын, әдет-салтын, әлді-әлсіз жерлерін, армандарын көреміз. Олар өз заманының әрі жыршысы, әрі сыншысы, белсенді қайраткерлері болды. Халқын, Отанын сүйді, халықтың қамын ойлап толғанды, ынтымақты, ерікті, бірлігі жарасқан еркін елді аңсады. Толғауларымен хал-қына қызмет етті. Жыраулар жай толғау айтып, ханның саясатын сынап, оған ақыл айтып, кеңес беріп қана қойған жоқ. Қазақ хандығының жай-күйін, көрші халықтармен қарым-қатынасын, болашағын, елдің еркіндігін ойлап, болашақта не күтіп тұрғанын болжай да білді. Мысалы, Асан қайғы келешекте қазақ хандығының қиыншылықты көп көретінін, күшті бір патшалықтардың біріне бағынатынын түсінген:

Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып, жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тәмам болар... [4]

Бірақ Асан қайғы үмітін үзбейді, халқына тыныш, тату, еркін, бақытты өмір сыйлайтын жері де бай, елі де бай Жерұйық деген жерді іздейді. Ал Бұқар жырау Асан қайғының бұл толғауының мәнін

шешеді:

Қарағай судан қашып,
Шөлге шыққан бір дарак.
Шортан шөлге шыдамсыз,
Балықтағы бір қарак.
Ойлама шортан ұшпас деп,
Қарағайға шықпас деп, –

дейді. Бұқар жырау өз заманының мәң-жа-йын дұрыс аңғарған, оған өте дұрыс баға берген. Бұқар – гуманист тұлға. Ол дағдарыс пен халық-аралық жанжалдардың негізгі себепкері билеушілердің арасындағы қақтығыс екендігін, бұл үшін қарапайым халық жазасын тартпауы керектігін айтады. Бейбіт өмір халықтар арасында өзара достық орнағанда ғана болуы мүмкін, бейбіт өмір бағасыз сыйлы нәрсе. Өз заманының көреген тұлғасы Қазақ хандығының үстінен төніп тұрған отарлау қаупін сезді. Қауіп жырау үшін екі жақтан келіп отыр. Бұқар отырқышылық мәдениетті халық бірлігі үшін маңызды деп санайды. Халықаралық саясатта бейбітшілік принциптерін ұстанатын жырау, мемлекеттердің өзара бейбіт өмірін армандағандығы белгілі. Халықшыл Бұқар, тек халық мүддесі қорғалатын мемлекет қана күшті бола алады дегенге саяды.

Қазақ жырауларының пікірінше, еркіндік руханилыққа нұқсан келтірмеуі керек, еркіндік жеке тұлғалардың менмендік, пендешілік әрекеттерін шектеп, кісілік қасиеттерден ажырамауын қарастыру керек. Халық арасында достық пен қастықтың, шындық пен жалғанның, әділеттілік пен әділетсіздіктің, жақсылық пен жамандықтың тарих сахнасында қатарласа жүріп отырғандығы жыраулар шығармашылығында айқын көрініс тапқан. Олардың салыстырмалы, диалектикалық үздіксіз процесс екендігіне жыраулардың, би-шешендердің шығармашылығы куә. Мысалы, Үмбетей жырау: «сырт тазасы не керек, тазарт әуелі ішінді» – десе, Бұқар жырау: Өлетұғын тай үшін, қалатұғын сай үшін, қылмаңдар жанжал ерегес», – дейді.

Қазтуған жыраудың саяси-құқықтық ойлары туған жер, атамекенді қорғау, ата жұртты мадақтау, елдің тыныш өмірін жақтау екендігі ай-қын. Ол Еділ мен Жайыққа жетер жер жоқ екендігін, Ноғайлы қазаққа жететін халық жоқ екендігін, бірақ халықтың бұрынғыдай дәстүрлі өмір кешуіне қауіп төніп келе жатқандығын баса айтады. Заманның өзгерісін ескеріп, жаңа заман талаптарына сай өмір сүру керек. Халық бірлігі – басты құндылық. Саяси және құқықтық ойлардың ішінде Қазтуған ойларының ерекшелігі сонда, көп жылдар алдын ала болатын жәйларды болжаған жырау, халық тағдырын дәл табады. Дәл тауып қана қоймайды, осы

жағдайлардың орын алуына ықпал еткен себеп, салдарды қарастырады. Бодандықтан аман қалудың жалғыз жолы – рухы тәуелсіз, күшті келешек буын, ұрпақ қалыптастыруда. Алайда түрлі тарихи процестер нәтижесінде бодандыққа түскен қазақ халқының өзі де бұл проблемалардан алшақ қала алмады. Жастарды тәрбиелеуде ұлттық нышандарды ескермеу, ұлттық ділдің, діннің, тілдің қолдану аясынан шығып кетуі ұлттың аман қалуына қауіп төндірді.

Бұл қауіп еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де жойылған жоқ. Жыраулар шығармалары мен саяси-құқықтық көзқарастары бүгінгі күні де өте маңызды. Жыраулардың ұлттық мемлекетке деген көзқарасы бүгінгі Қазақстан үшін ғана емес, саяси тәуелсіздік пен егемендікке қол жеткізген барлық мемлекеттер үшін де ерекше.

ӘДЕБИЕТ

1. *Копнин П.В.* Гносеологические и логические основы науки., М: Мысль, 1974. 568 с.

2. *Абишев К.А.* Власть как проявление глубинного устремления людей к свободе // Власть как ценность и власть ценностей: метоморфозы свободы. – Алматы, 2007. – 470 с.

3. *Раев Д.* Қазақтың шешендік өнері: философиялық пайымдау. – Алматы: «Ценные бумаги», 2001. – 228 б.

4. *Бес ғасыр жырлайды: Үш томдық.* Алматы: Жазушы, 1984. 1-т. .255 б.

Резюме

В статье рассматривается проблема свободы в казахском миропонимании и ее отражение в творчестве жырау. В работе раскрываются проблемы свободы и независимости страны, укрепления целостности и единства казахского народа.

Summary

The article dedicates to the problem of the freedom and conception of the world and its reflection in the art of zhyrau. The author opens up the problem of independence and freedom of the country, the wholeness and of Kazakh people.